

**Сарытәрқа**



**самалды**

# ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Әр адамның тағдыры қайталанбас бірегей және өзіне ғана тән ерекшеліктерімен сараланады. Бұл орайда Ұлы Жеңіспен қатарлас дүниеге келген, тірі болса бүгінде 60 жасқа келетін Жеңіс Марданұлы марқұмның тағдыры мен өмір жолы ерекше дер едім. Оның кезінде маған тарту өткен "Қазақ халқының қаһармандары" (1 жинақ) атты кітабында "Қымбатты Мүкеңе, Жеңіс Марданов. Әйгілі желтоқсан, 1991 жыл" деп жазыпты. "Әйгілі желтоқсан" бостандықты аңсаған жастарымыздың желтоқсан оқиғасына 5 жыл толуына байланысты еді. Осы ұмытылмас тарихи кезеңнен бастап Жекеңнің өзі де хас батырша белді бекем буынып, алыспай беріспес ұзақ та күрделі жолына түскен еді. Ол жоғалып кетуге аз-ақ қалған ана тілімізді қайта жаңғырту мақсатындағы майдан жолы болатын.

Егемендікке қол жеткізген өтпелі кезеңде де қазақ тілінің болашақ тағдыры мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың және жеке тұлғалардың алдағы іс-әрекеттеріне байланысты болды. Осындай алмағайып шақта Павлодар индустриалды институты физика кафедрасының доценті, техника ғылымдарының кандидаты Жеңіс Марданов өзі қатарлас ұлтжанды азаматтармен қосыла отырып, Халықаралық "Қазақ тілі" қоғамының Павлодар облыстық ұйымын құруға атсалысты.

Павлодар облыстық ұйымының құрылтай конференциясы 1990 жылы ақпан айының 17 күні Металлургтер сарайында өткізілді. Оған жергілікті өкімет үлкен мән беріп, ұйымдастыру комитетіне жан-жақты қолдау көрсетті. Конференцияға облыстық атқару комитетінің төрағасы Жасқылық Ысқақовтың өзі қатысып, сөз сөйледі. Облыстық ұйымның төрағалық қызметіне Жеңіс Марданов сайланды.

Жеңіс Марданов Мәскеудің болат және қорытпалар институтын 1969 жылы бітірген. Мәскеуде оқып жүрген ұлтжанды қазақ студенттері арасында Мұрат Әуезов, Сәбетқазы Ақатаев, Мақаш Тәтімов, т.б. құрған "Жас тұлпар" ұйымының мүшелігіне енген.

Осы білім ордасының аспирантурасына түсіп, 1979 жылы техника ғылымы бойынша кандидаттық диссертация қорғаған. Жезқазған, Павлодар жоғары оқу орындарында физика кафедрасының меңгерушісі болған. 1990 жылы қазақ тілі қоғамының төрағасы болып сайланған соң "Дауа" газетін ашып, 1995 жылға дейін оның редакторы болып қызмет атқарған.

Ұйымның үні ретінде тіркелген "Дауа" қазақ тілінің насихатшысы, қоғам жұмысын ұйымдастырушысы әрі ұйымның қуатты қаруы болды. Сондай-ақ, бұл басылым жұртшылық арасында ұлттық-демократиялық бағыттағы тәуелсіз, қоғамдық-саяси газет ретінде де танылды.

"Дауаның" оқырмандар көңілінен шыққандығы соншалық, қысқа мерзім ішінде таралымы 10000 данаға жетті. Газеттің әрбір санында қазақ тіліне қырын қарайтын жергілікті жоғары лауазымды басшылар мен түрлі басқармалардың бастықтары жөнінде де ашы сын материалдар жарияланып тұрды. Бұл кезеңде Жекеңнің өзі де "Тілеке" деген әдеби бүркеншек атпен мақалалар жазып, журналистикамен мықтап айналысты.

## ӨМІРДЕРЕК

**Жеңіс Марданұлы (лақап аты - Жеңіс Тілеке) Павлодар облысының Май ауданындағы Көктөбе ауылында 1945 жылы 15 қыркүйекте жұмысшы отбасында дүниеге келген. Руы - Бәсентіпін-Көшеншүрек.**

**1963 жылы Ермак (қазіргі Ақсу қаласының қарамағындағы) ауданындағы Жамбыл атындағы орта мектеп-интернатты жақсы бағамен бітіріп, үздік оқуы және үлгілі тәртібі үшін мақтау грамотасымен марапатталды. Көрі әке-шешесіне жәрдемдесу мақсатында, бірден жоғары оқу орнына бара алмай, ауылдағы құрылыста жұмыс істеп, ақша тапты.**

**1964 жылы Мәскеудің болат және қорытпалар институтына (МИСиС) оқуға түсіп, 1969 жылы инженер-металлург мамандығына не болды. 1969-1971 жылдары Қарағанды политехникалық институтының физика кафедрасында қызмет етті. 1971-1973 жылдары әскери міндетін офицер ретінде Семейде атқарған.**

**1973-1977 жылдары өзі білім алған Мәскеудің МИСиС институтының аспирантурасында оқып, диссертация қорғап, техника ғылымдарының кандидаты дәрежесіне не болды, 1984 жылы доцент атағын алды, 1977-1984 жылдары Қарағанды политехникалық институтының Жезқазғандағы филиалында ұстаздық етіп, 1980 жылдан бастап физика кафедрасының меңгерушісі болып қызмет істеді. 1984 жыл Павлодар индустриалды институтына ауысып, физика кафедрасына меңгеруші болып тағайындалды.**

**Жеңіс Марданұлы 1989 жылы "Қазақ тілі" қоғамының облыстық ұйымын құруға белсене атсалысып, соның төрағалығына сайланды.**

**1990 жылы ұйымның үні "Дауаны" ашып, осы газеттің редакторы болып істеді. 1995 жылы ауыр сырқатқа (инсульт) шалдығу салдарынан мүгедектікке шықты.**

**Жеңіс Марданұлы 2001 жылдың 6 қаңтарында 56 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Зайыбы Сұлқия Елеуқызы Бөлекпаева - медицина ғылымдарының кандидаты, доцент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі.**

**Жеңіс пен Сұлқия екеуі Элиха, Мағрипа есімді екі қыз бен Қазыбек атты ұлды тәрбиелеп өсірген. Жеңістің ағасы Қамалбай Марданов - республикаға танымал қоғам қайраткері, философия ғылымдарының докторы.**



1996 жылы Жеңіс Тілекенің "Шежіре" кітабы Омбы қаласындағы "Омич" баспасынан 10000 дана таралыммен жарық көрді. Ертістің Кереку - Баян өңірі ру, тайпаларының, жалпы қазақ этносы туралы ел аузынан жинақталған қызықты аңыз-әңгімелер, толғаулар мен жырлар мольнан қамтылған халықтың өмір тарихын, тұрмыс-салтын деректі материалдар арқылы жан-жақты баяндайтын бұл шығарманың да дүниеге келуін өлке мәдениетіндегі елеулі оқиғалардың біріне жатқызуға болады. Соның жалғасы ретінде 2004 жылы Павлодар қаласының "ЭКО" баспасынан "Қанжығалы шежіресі" дүниеге келді.

Жеңіс Марданұлы Марданов Халықаралық "Қазақ тілі" қоғамының Павлодар облыстық ұйымын басқарған қысқа мерзім аралығында мемлекеттік тілдің мерейін асырып, қайта түлетіп, жаңғырту жолында жан аямай еңбек етіп, өзінің азаматтық, ұлтжандылық қасиеттерінің, тума талантының, қажыр-қайраты мен ақыл-парасатының арқасында көптеген ауқымды істер тындырып үлгірді.

**М.ӘБДІРАХМАНОВ,**  
облыстық "Қазақ тілі"  
қоғамының төрағасы.